


# ДАҚ ЖЕЛЕКЕН

ISSN 0234 — 6818

№ 4 сәуір 1997

Апалы-сіңлілі Индира  
мен Гүлзира Жолақова  
Алматыда Ахмет Жұбанов  
атындағы музыкалық  
мектеп-интернатта оқиды.



# "ЖАРЫСТАНДЫК ЖЕЛДІДІК БІЗ?"

Повестен үзінді

Жанат ЕЛШІБЕК

Иек астындағы Сарыесікке табан тигізе алмай, жіпсіз байланып отырганына екінші тәулік. Төрт кабыргасы бірдей әйнектелген аэровокзалдың асты-үстіне әлденеше мәрте шығып-түсken. Қаздай тізілген, бұрыш-бұрышқа конжиган жұмсақ орындықтардың ішінде оның тізе бүклегені сірө, қалмаған шығар. Осы бір ак сары шүйкедей кемпірдің көленкесіндей кекілді кара домалақ та етегіне оралып тағат табар емес.

— Жолаушы азаматтар! Талдыкорған — Байшегір — Көпбірлік бағытындағы самолет елу минутка кешігіп үшады...

Күмістей сынғырлаған бұл дауыска Торғынның құлағы кешелібері әбден қанық. Бірақ не айтып жатканын жете үқпайды-ау. Екі сағатка... бір сағат жөне жарты сағат... деумен-ақ күн енкейгенше сарғайтты фой кеше. «Не болып жатыр, үн-түнсіз калды мынауың? Айрыпланын үшіп кетпесін, әйтеп-үір». Шығарып салуға келген Берік-

болына да тыным бермеген күн-үзакка.

Енді міне, күмбір-күмбір дауыстың не деп жатқанынан бейхабар. «Маған бола қызметіннен қалма, күнім! Тек Саятжан екеуімізді айырпортың аптобсына салып жиберсөн болғаны. Оナン кейінгісін көре жатармыз». Ертентісін Берікболды болмай аялдамада қалдырып кеткен-ди.

Торғын өзіне сондай жақын, ежелден ыстық жер аттарының тізбегін бұ жолы ап-анық естіген. Жалма-жан касындағы немересінін бетіне қаралы. Саят болса әжесінің кабағын жазбай анғара койды:

— Апа, тағы да елу минутка...

Немересінің сөзін аяқтаптастан Торғын сүріне-кабына «касса» деп доғаша иле жазылған алакандай тереze алдында кезек күтіп тұрған топты ығыстыра ілгері үмтыйдь. Бейкам жұрт табан астынан шықкан кемпірдің алқын-жұлқын қылығына дүрлігіп қоя берді:

— Кезекке тұрыныз.

— Қазықтай қақшиғанымызыға —бакандай екі сағат.

— Шешей, билетті кай жаққа алмақ едініз?



Тұс-тұстап кадалған алуан жаңарлар аз бөгелсе тесіп жіберердей көрінді.

— Менін билетім қолымда, қарастарым, — деп Торғын қобырап кеткен самай шашын шәлісінің астына жасырды. — Ұша алмай осында отырганым екінші күн. Әй, қызым-ау, Көбірлікке қашан ұшады... мынауына тұсінбеймін, рөдіонды айтам да...

— Бабушка, бұл — касса. Ал сіздің самолетті жана ғана хабарлайды емес пе?! Елу минуттан кейін ұшасы.

Кассир келіншектің биязы үні көрі жүргін елжіретіп жіберді. Жарыларға шак келген ашуы да лезде ізім-кайым жоғалған. Самбырысамбыры сойлең жүр.

— Өзін бір иман жүзді бала екенсін. Мын бол, шырағым! Анау летшіктеріне айтсанышы, тездетіп ұшсын, Мамыражай мамырдың мынадай күнінде көкке сүзіле бере ме?

Ләм-мим деп жауап қатпаған кассир келіншек тек сылк-сылк күле берді...

Шүйкедей кемпірдің бала мінезіне әлгіндегі билетсіз жолаушылар да бір-бір езу тартқан еді...

\*\*\*

Құрқылтайдың ұсындыай аядай самолеттің іші жанып-ақ тұр екен. Таласа-тармаса кірген оншакты жолаушы ентіге тыныстап, самайларынан сорғалған терлерін сүрте бастады. Бірін-бірі жана ғана көргендей Саяттың әжесі құдайдың мына шіліңгірінде басы қөзін қабат-қабат орамалмен тұмшалап алған бейтаңыс кемпірге самбыры-самбыры тіл каткан.

— Ауыл-аймак аман ба? Өзің қашан келіп ен? — Торғын шешей жауап күтпестен, сөзін одан әрі жалғап, әңгімесінін арасында немесең тұртіп анадай тұста қыстырулы тұрган бір бума қағаз дорбаны көрсетті.

Мұны байқап қалған бейтаңыс кемпір:

— Әй, Торғын-ау, самулеттің ішінде құсушы ма едін, — деді қолына шешіп алған жұқа шайы орамалымен желтіне.

— Қапырық екен мынаның іші. Сактық жасап жатқаным фой. Әйтпесе, ондай әдетім жок. Әй, қызыау, айтпақшы біздін үйдін есіктөрөзесін біреу-міреу шағып тастамап па?

— Апа, кемпірді неге кыз дейсіз?

Ұят емес пе? — деді Саят қабағын түйінкіреп.

— Е, е... құлыным. Қамар әжен-нің менен екі жас кішілігі бар...

Оны елеген Қамар кемпір ме. Өз ойын жеткізгенше асык.

— Жүртта қалған жалғыз тамда кімнін шаруасы болсын, тәйірі. Түнеуқұні сауып отырган қызыл ала сиыр жоғалып кетіп, соны ізделп біздін шал біраз әбігерге түсті емес пе. Жарықтық мал екеш мал да өз жүрттың аңсайды-ау деймін. Баяғы ескі коныста жайылып жүрген жерінен тауып өкелгені бар. Сол жолы Отарбай сенің үйінді де ат үстінен шолып, бақылап қойыпты. Айтысана қарағанда ештенесі бүлінбегенге ұқсайды. Байғыз ба, жапалақ па... әлдеқандай қанатты ауызғы бөлменің желкөзінен жалп-жалап ұшып, кіріп-шығып жүргенін көрген төрізді.

Осы мезет Саят әжесінің құлағын шыдамсыздана сыйырлаған:

— Апа, ана кісі Талғаттың әжесі ме?

— Иә, құлыным. Отарбай атаның қемпірі емес пе?! Немене, танымай қалдың ба?

— Білем фой. Байшегірге көшіп кеткен көршіміз...

Гұр ете тұсқен самолеттің құлақ жарған үні ештенені естіртпей жіберген. Жолаушылар жарыса алақандай терезеге үнілісті. Лезде лып етіп қоқке көтерілген самолеттің өзінен қалып қалмайын дегендей, бейне инелік іспетті «қөленеке ұшак» та зу-зу етіп келеді екен. Колдың саласында тарам-тарам жылғалар төменде жамырап жатыр. Қатпар-қатпар таулардың бауырына тығылған қисапсыз өзендер өздерін-өзі жасыра алмай үздіксіз жылтырайды. Саят әлденесін жоғалтып алған жанша дөңгелек тереңеге тесіле жабысып қалған. Құс биігінен жер бедерін анық ажыратада алмаса да көп жайды өзінше бажай-лап отыр.

«...Әншейінде байқалмайды екен. Талдықорған мен Үштөбенің арасын таулар косып жатыр фой өзі. Ал, мын бұралған Қараталды бірден байқадым. Өйткені, бұл өнірде бұдан басқа ірі өзен жок. Қос жағалауындағы жап-жасыл тоғай мен орманды айтсанышы. Жаңағы жылт-жылт еткен сулардың бәрі Қараталға косылып біздін Балқашка құйып жатыр емес пе?! Әй, анау бұлындаған Аманбай атаниң күмбезі ме?! Иә, иә... Шынымен-ак

Батырбектің үстінен ұшып барамыз. Әне, ә-н-е... ауылдың да төбесі көрінді. Сол жақта бүйра-бүйра құмдары шыныжыр табан трактордың ізіне ұқсап Кілтбай таусы шалынады. Анау мұнарланған теніз... Балқаштың тұра өзі фой... Үйлердің бөрі мұжіліп бітілті-ау. Тоқметбай бастықтың үйінің шатыры да құлап қалыпты. Ән-е... біздін үй. Жалғыз тұп алма ағашы да көрінді... Иә, біздін үй. Әйтеуір құламапты. Жапырайып тұр екен...

Сейткенше болмады бүйірлей құлдилаган инелік — ұшак жұдырықтай жүргегін аузына тынындал төмендей берді, төмендей берді. Іргедегі шалқып жаткан теніз аспанға шығып кеткендей. Жер де — қекпенбек, көк те — қекпенбек. Әлгіндегі әп-әдемі ой ізім-ғайып жоғалған. Бұлталақтаған самолет бойын әрек тіктеген жанша салдырылғулар жерге табан тіреді-ай. Сонда барып ес жиган жолаушылар:

— Калай тез жетіп келдік, — деді бірін-бірі костап.

Саят терезеге үніліп еді. Соңадайда қолында дөп-дөңгелек сары қалақшасы бар аэропорт бастығы Жапарбекті көрді. Бәз-баяғы қалпы. Шекесіне қисайта киген телпегінің астынан қобырайған бүйра шаштары желбірей шалынады. Шамасы, теніз жақтан самал лекіп тұр-ау. Саяттың енді барып тауыған аэропорт бастығы қолын көтеріп, жымындал есікке жақындау түсті. Жапарбектің не айтатынын Саят та іштей біліп, орнынан тыптырыши қозғалды.

Самолеттің есігі ашылған бойда естігени:

— Карлығашым, келдін бе?..

Таныс үн, таныс құшак Саятты аялай жөнелді.

\*\*\*

— Кемпір, балаларынды өз көзінмен көріп, марқайып қайттың ба? — деген Отарбай ақсакал масаттана кала жаналығын тәптіштеп сұрай бастаған. — Қарындары тоқ па екен, әйтеуір. Ұлдың отпүскісі құзде деген секілді еді, ал келіннің емтиханын бітірісімен келетін шығар.

— Биыл да сол былтырығы демалып кайтқан тенізіне бармақшы. Әлгі... аты қалай еді? Тілім келуші ме еді... Ұмытып қаптың өзін... Радикті да өзімен бірге алып кетем деп отыр фой...

— Әй, патшагар! Біресе Екей (Эгей дегені), біресе Балтық деп. Онесі-ей. Теніз іздейсе мына Балқашы

бар емес пе үйдін іргесінде. Жыл сайын шығындалып жер түбіне шапқылағанша, өз үйі — өлең төсегі, аунап-кунап жатпай ма, осы! Бәрінен бұрын ана ілміген немерем тілін ұмытып кететін болды гой. Қаршадайынан туған топырағынан жерітіп. Жатбауыр дәлдүріш ететін болды фой...

Табанда нілдей бұзылған Отарбайдың қып-қызыл жүзі каракүренітіп, тотығын шыға келген. Шалының мінезін жаксы билетін Қамар шыр-пир:

— Жарайды. Өзінді аясанышы. Қаның көтеріліп кетті. Жас кезінде ел арапал, жер көргенін несі айп. Қайта мактанбайын ба? Айтпакшы, бізben бірге Торғын келген, қасында немересі бар. Мына ыстығынды ішіп алғаннан сон, салқын түссе сөлем беріп кайткандың жөн шыгар.

— Кемпір-ау, бағанадан бері айтпаймысын. Кешкі салқынды күтетін... Мен нессіне керілем. Экелші, әлті жеңіл тәпішкемді... Аяғыма іле салайын. Құннің мына алтабында етік тұрмак, өзімді әрен сүйретіп жүр емеспін ба?..

Жібек орамалдын кепкеніндей ашуы лезде тараған Отарбай орнынан ширақ түрегелді. Шалының қылығына қайран қалған Қамар шешей еріксіз мырсылдаған:

— Торғынды катты сағыныпсын-ау. Тіпті, сәнденіп болар емессін. Үстіндегі сипаңмен барып келмексін бе, кияндағы ескі жұртқа. Бар, кәне!.. Жүгір соңынан.

— Ескі жұрттын не? Мына қызынын, Рахиланын үйі тұрғанда...

— Енді неғыл дейсін, айырпортаң түскен бетте немересін жетектеп Пронзаға (Фрунзеге деген), төтелей, қалын шенгелдін арасымен тартты фой. «Үйге барып бір-ак демалайық» дейді де баяғы...

— Эй, Қамар-ау, мен білсем сол Торғынның дені сау емес. Бәрінен бұрын немересіне обал. Қалын құмның ішінде каталап өлмесін. Құлазыған жұрттағы жалғыз тамда кім күтіп отыр дейсін, сарғайып. Рахиласының үйінде жата-жастана бірер күн дамылдағ алмай ма? Былтыр да осы, арғы жыл да осы... Несі бұл, аксақ шалы тіріліп келетіндей...

— Қара орманы емес пе?..

— Дұрыс айтасын кемпір. Сенікі жөн. Қаладағы тас үйге камалып қайдан шыдасын. Оның үстінен жер сипалап отырган жок. Куатты. Е... Торғын түгілі жеті-сегіз шакы-

рым жердегі ескі қоныс менің де түсімнен өсте шықпайды. Кемпір, сен әлгі бұзылмайтын ыдысында сүтінді күйіп, құрт-майынды өзірле. Шоқытып барып келе кояйын. Ертеге калсак үт болар...

Отарбай аксақал сонадайға лактырып тастаған етігін жалма-жан кайта кие бастады.

\*\*\*

Әлгінде ғана тілі аузына симай «Сү», «Әже шөлдедім» деп ызылдағ келе жаткан Саят токал тамның мыжырайған мұржасы көрінген бойда жол жиегіндегі жаткан таяқты бұтына қыстыра-мыстыра шанды бұрқыратада ілгері жүгіре жөнелген.

— Шүү, жануар!

Немересінің қылығына мәз болған Торғын айдалада тұрып көзінә жас алған.

— Құлыным! Қурайды ерттеп мінген бұ қалпынды атан көрмединой, шіркін!

— Әже, әже... Үйдін есігі ашылып қалыпты. Ішінде бірдене караяды...

Немересінің жарықшактанып шықкан даусын Торғын естімді. Жол-жөнекей торт қабыргасы бірдей мүжіліп арса-арса болған балшық тамға бұрылған. Жермен жексендін құлазыған үйдін жұрнағы кейуанын жүретіп елжіретіп жіберді. Біреу-міреу естіп қоятындағы құбірлай сыйырлады:

— Қайнағаның құтты мешіті фой. Қашан еді өзі? Осы табалдырықты келін бол аттаған күнімді неге ұмытайын! Бәрі-бәрі есімде. Алтыбакан басындағы ән-жыр да тұра кешегідей құлағым түбінде жанғырады-ау. Қараша, енді міне, жер де тоған, ел де тоған. Тоғаны емей немене, ана-а-у... тұста терең өзек ағып жататын жаз бойы талай сырды ішінде бүгіп алғы... Қалын құм басып тастаған бұ жerde жасыл желек жамылып, көк құрак сыйдыр қағып тұрушы еді дегеніме мына Саяттың сене ме екен. «Елу жылда — ел жана». Шын соз. Қайнағам мен абысынымның өмірден көшкенінде талай заман. Оны айтасын, олардың соңынан ерген небір жайсанда да о дүниелік боп, бір-бір төбе күшшіп жатыр емес пе?

Е, мың жасайтын кім бар дейсін?! Құзғын емес шығармай Отарбай екеуміз. Біз де кетерміз... Қанша жүрер дейсін?..

Жауалығының шетімен жанарына іркілген жас тамшыларын сұрткен Торғын сонадайда анырып

мелшиіп тұрган Саятқа карай асығыс-үсігіс басып еді, аяғына оралған әлдене жүргізбей тұсаулап койғандай.

— Апа, ішке кіруге коркамын. Шелектің түбінде жылан жатыр...

— Не дейді? Қорықпа, құлым. Шақпайды... Осы үйдін киесі ғой жарықтык.

— Ол не деген сөз, әже?..

Саят көмейіне жетіп келген сауалын іріклеген.

— Е... е... боташым... Қара шаныракты қорғап, құзетіп жүрген жыланнан бекер үркесін. Қазір өзі-ак жылыстап кетеді. Өйткені, біз келді емес пе... құтты ұмызыға...

Саят ләм-мим тіл қатпады.

Ілкі сөт өтпестен-ак қара шұбар жылан манғаз жылжи сыртқа шығып бара жатты.

— Жарықтык, киеннен айналдым!

Әжесінің сөзіне түсінбеген Саят түсі сүйкі кара шұбар жыланнды қөзінің киығымен шығарып салды...

\*\*\*

— Көне, Саятжан екеуелеп тас құлдықтың сүйн төгіп тастайык. — Колындағы түйіншектерін үй іргесіндегі үлкен ағаштың қоленкесіне жайғастырып, Торғын шешей үстіндегі камзолын шешіп алғып, ағаш бұтағына аса салды. Әлгінде жылан паналаған шелектің ішіндегі құмтопыракты қағып-қағып түсіріп, тазалаған. Дорбаның аузына тығындаған бес-алты құлаш жіпті кос кабаттап байлады да шелекті данырылатып құлдыққа сұнгітті. Құлдықтың ернеуінен ішіне үнілген Саят жіптін екінші үшін мықтап ұстаган. Кейінрек тұр құнім, ішіне түсіп кетерсін.

— Ой, теренін-ай! Бітеліп қалған ба?..

Орта шелек мөп-мөлдір суды табанының астына төге салған әжесі қолындағы бакырды Саятқа ұстата берді.

— Біраз төгіп таста. Әбден тазарсын. Мен күн кешкірмей үйдін ішіндегі төсек-орынды сыртқа шығарып жайып тастайын...

Мықшындаған зорға көтерген бір шелек суды Саят құлдықтың бетін бастырыған зіл қара тастың үстінен койып сіміреп бастады. Осы мезетті күткендей әлдеқайдан ат осқырынды. Жалма-жан басын көтерген Саят:

— Апа, апа! Отарбай атам келеді, — деді.

(Жалғасы бар).